

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технология кафедрасы

Әбдікәрім Ж.Ә

Бәсендеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау. Жылдық шығару бағдарламасы N=2000 дана.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2019

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технология кафедрасы



Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Бәсекеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау.  
Жылдық шығару бағдарламасы N=2000 дана»

5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған

Әбдікәрім Ж.Ә.

Пікір беруші  
доктор PhD  
ага оқытушы,

АУЭС

Шингисов Б.Т.  
«21» 05 2019ж.

Ғылыми жетекші  
техн. ғыл. магистрі

Ж.Н. Абілқайыр  
«20» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

К.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы

5B071200 – «Машина жасау»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра менгерушісі

техн. фылданды

 А.Т.Альпейсов  
«06» 11 2018ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Әбдікәрім Жанболат Эбілқасымұлы

Такырыбы «Бәсендегі шыгаратын механикалық-құрастыру бөлімін  
жобалау.

Жылдық шыгару бағдарламасы N=2000 дана.»

Университет ректорының «06» қарашаның 2018ж. № 1252-б бүйробымен  
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «16» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бұйымның құрастыру сыйбасы,  
тетіктің жұмысшы сыйбасы, маршруттық – операциалық карталар,  
тетіктің жылдық шыгару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы  
практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бұйымның құрастыру технологиясы; б) біліктің механикалық өндөудің  
технологиялық үрдістері; в) металлескіш станоктың қондыргысын жобалау;  
г) үйимдастыру бөлімі.

Сыйбалық материалдардың тізімі ( міндетті сыйбалар дәл көрсетілуі тиіс)

бұйымның құрастыру сыйбасы – 1A1; бұйымның жинактау сыйбасы – 1A2;  
тетіктің жұмысшы сыйбасы және дайындаманың сыйбасы – 1A1;  
технологиялық баптаулар – 2A1; металлескіш станоктың қондыргысының  
сыйбасы – 1A1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – 1A1.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 19 атап

**Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ**

Бөлім атауы, Караптырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кенесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	14.02.9ж. – 27.03.19ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	28.03.19ж. – 15.04.19ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің қенесшілері мен  
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған  
**қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Ж.Н.Исабеков <del>Т.Р.Д</del>	20.05.19.ж.	

Ғылыми жетекші  Ж.Н. Абілқайыр

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Ж.Ә.Әбдікәрім

Күні

« 11 » акпант 2019ж.

## АНДАТПА

Берілген дипломдық жобада тораптың құрастырылуы және тетікті өндеудің технологиялық процессті жобалаудың жалпы көрінісі қарастырылады. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға және өндеуге техникалық талаптардың анализі жүргізіледі. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталынады, таңдау және дайындауды жасау әдісінің негізделуі жүргізіледі. Тораптың құрастырылуының технологиялық сұлбасы жасалынады, сонымен қатар тетіктің жеке беттерінің маршрутты өнделуі және оны жалпы өндеудің операционды технологиялар жасалынады. Тетік өндеуінің технологиялық процесстің жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалады, тетік жасалуының еңбексыйымдылығы және бүйім жасаудың жалпы еңбексыйымдылығы анықталынады.

## АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассмотрена общая картина проектирования технологического процесса сборки узла и обработки деталей. На основе имеющихся данных проводится анализ технических требований на сборку и обработку. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, производится выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разрабатываются технологические схемы сборки узла, так же маршрута обработки отдельных поверхностей детали и операционной технологии обработки ее, в общем. В ходе проектирования технологического процесса обработки детали, выполняется нормирование тех.процесса, определяется трудоёмкость изготовления детали и общей трудоёмкости изготовления изделия.

## ANNOTATION

In the given degree project the overall picture of designing of technological process of assemblage of knot and processing of details is considered. On the basis of the available data the analysis of technical requirements on assemblage and processing is carried out. Taking into account the set program of release the manufacture type is defined, the choice and a substantiation of a method of manufacturing of preparation is made. Technological schemes of assemblage of knot, as route of processing of separate surfaces of a detail and operational technology of its processing, in general are developed. During designing of technological process of processing of a detail, rationing тех.процесса is carried out, labour input of manufacturing of a detail and the general labour input of manufacturing of a product is defined.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	7
1 Технологиялық бөлім.....	8
1.1 Құрастырудың технологиялық процесін жобалау .....	8
1.1.1 Технологиялық құрастыру бірлігінің қолданылатын орны және оның жұмысын сипаттау .....	8
1.1.2 Құрастыру бірлігінің конструкциясын технологиялық түрғыда талдау .....	9
1.1.3 Құрастырудың технологиялық сұлбесін жасау.....	11
1.2 Тетікті өндөудің технологиялық процесін жобалау .....	11
1.2.1 Тетіктің тораптағы қызмет орнын және оның техникалық сипаттамасы.....	11
1.2.1.1 Тетік материалы мен оның қасиеттері .....	12
1.2.2 Дайындаған алу әдісін тандау және негіздеу .....	14
1.2.3 Базалар тандау және тетікті өндөудің маршруттық .....	14
Технологиясын жасау .....	15
1.2.3.1 Технологиялық өндөу маршрутын құру .....	15
1.2.4 Өндөуге жіберілетін әдістерді есептеу.....	15
1.2.5 Кесу режимдерін есептеу .....	16
1.2.6 Техникалық уақыт нормасын есептеу .....	25
2 Конструкторлық бөлім.....	27
2.1 Барапқы мәлімет және қондырғыны жобалау мақсаты .....	27
2.2 Қондырғы сұлбесін жасау .....	28
2.3 Қондырманың күштік есебі .....	29
2.3.1 Осътік күшті анықтау.....	29
2.4 Қондырғыны дәлдікке есептеу.....	29
3 Ұйымдастыру бөлімі.....	30
3.1 Өндірістің негізгі жабдықтар санын анықтау.....	30
3.2 Цех жұмысшыларының санымен құрамын анықтау.....	31
3.3 Механикалық бөлімнің ауданын анықтау.....	32
3.4 Механикалық бөлімнің көмекші бөлігінің ауданын анықтау.....	33
3.5 Құрастыру стендінің санын анықтау.....	33
3.5.1 Құрастыру бөлімнің ауданын есептеу .....	34
3.6 Механикалық – құрастыру бөліміндегі жұмысшылардың санын анықтау .....	34
3.7 Қызмет көрсету мекемесін жобалау .....	35
Қорытынды .....	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	
Қосымша .....	

## **КІРІСПЕ**

Өндірістің тиімділігі, оның техникалық прогресі, шығарылған өнімнің сапасы көбінесі жана жабдықтарды, машиналарды, станоктармен аспаптарды шығаруға сондай-ақ технологиялық және конструкторлық мәселелерді қамтмасыз ететін әдістерді жан-жақты енгізуге байланысты. Фылыми-техникалық революцияны жүзеге асыруда машина жасау саласы басты, өзекті роль атқарады.

Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де нәтижелі жаңа жүйелер құрылып, игерілу керек. Бұл қолдын қүшін аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Бұл дипломдық жобаның мақсаты «Бәсендеткіш шығаратын механикалық құрастыру бөлімін жобалау және қораптың механикалық өндеу технологиясын жасау» болып табылады. Дипломдық жобада қораптың механикалық өндеу технологиясы, құрастыру процесі, дайындауда алу тәсілі таңдалады. Жылдық бағдарламаға байланысты ( $N=35\ 000$  дана) өндірістің түрі анықталады. Жобалау барысында құрастыру сұлбесі, технологиялық процесті нормалау, бұйымды дайындаудың еңбек сыйымдылығы анықталады.

Осы жоғарыда аталғандарға байланысты өндірісті ұйымдастыру жобаланады. Қораптың механикалық өндеуге керекті білдек саны, жұмысшылардың құрамы мен саны, механикалық өндеу бөлімінің ауданы, құрастыру бөліміндегі құрастыру стендінің және жұмысшыларының саны анықталады.

Жобаланған өндірістің санитарлы-гигиеналық шаралары, жұмысшылардың қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі еңбек қорғау бөлімінде толық қарастырылады.

Дипломдық жобада жобаланған өндіріс орнының жалпы шығыны, рентабельділігі, өтеу мерзімі экономикалық бөлімде көрсетілген.

Бұл дипломдық жобаның графикалық бөліміне инженер жұмысын автоматтандыратын компьютерлік бағдарлама КОМПАС-3DV9, КОМПАС-3DV15 және AutoCAD 2015 қолданды. Ал түсіндірме жазбасы үшін Microsoft Word 2010 қолданылған.

## 1 Технологиялық бөлім

### 1.1 Құрастырудың технологиялық процесін жобалау

#### 1.1.1 Технологиялық құрастыру бірлігінің қолданылатын орны және оның жұмысын сипаттау

Бәсендеткіш қызыметі бұрыштық жылдамдықтықты бәсендету және айналу моментін тісті дөңгелектер арқылы немесе білік арқылы жоғарлату болып табылады.

Кез-келген бәсендеткіш қозғалтқыштың беріліс қуатын жұмыс машинасына керекті жылдамдықта реттеп береді.

Бәсендеткіштер мына топтарға бөлінеді: беріліс түріне байланысты- тісі , бұрамдық немесе тісті бұрамдық; саты санына байланысты- бір сатылы, екі сатылы және тағы басқа; тісті дөңгелектің түріне байланысты- цилиндірлік, конустық және тағы басқа; бәсендеткіш білігінің орнласуына байланысты- тік және көлбеу; және тағы басқа болып бөлінеді. Жобаланып отырған бәсендеткіш цилиндірлі үш сатылы бәсендеткіштер тобына жатады.

Бұл бәсендеткішке қозғалтқыш берілісі тістегеріш білік арқылы кіріп екінші тістегеріш білікке орналастырылған цилиндірлі тісті дөңгелек арқылы беріліс үшінші цилиндірлі тісті дөңгелек орналасқан білік арқылы жұмыс машинасына жеткізіледі.

#### РТЦ-2150-40-21У2 редукторды белгілеу мысалы:

РТЦ – редуктор типі, үшсатылы цилиндрлік;

2150 – осьаралық алшақтықтың қосындысы;

40 – номиналды сан;

21 – жинау схемасы;

У – климаттық жасалуы;

2 – қойылу категориясы.

Бәсендеткіштің техникалық мінездемесі:

Номиналды айналу моменті  $M_T$ ,

24400Нм (2440кгм);

Баяу айналатын діліктің айналу жиілігі

2 айн/мин;

Беріліс саны

12;

Айналу бағыты

Екі жақты;

Құйылатын май көлемі:

110 л.

Бәсендеткішке қойылатын шарттар:

Конусты тісті берілісті реттеу тығыздама арқылы жүзеге асырылады:

Жалпы техникалық шарт СПТ 14.10–2005 бойынша;

Екінші және үшінші біліктерді құрастыру кезінде саңылау 0,07...0,18 мм аспуы керек.

Тұрқы мен қақпақ арасындағы тығыздама орнына «ГЕРМЕТИК» ТУ 6 10 1010-80 қолданылсын.

### 1.1.2 Құрастыру бірлігінің конструкциясын технологиялық тұрғыда талдау

Технологиялық тұрғысынан талдаудың негізгі көрсеткіштері сабактасу, қалпына келтіру, материалдарды қолдану коэффициенттері.

Сабактасу коэффициенті  $K_n$  жаңа конструкцияларда қолданылып жүрген конструкциялардан бұйымдар мен тораптар бар екендігін анықтайды. Оны мына өрнек арқылы анықтаймыз 33 бет [3].

$$K_n = \frac{N_0}{N - N_H} \quad (1.1)$$

мұнда:

$N_0$  – берілген конструкциядағы қалыпқа келтірілген және жеткізіліп берілген бұйымдар мен кірме бұйымдар саны;  $N_0 = 17$ ;

$N$  – конструкциядағы бұйымдардың жалпы саны;  $N = 22$ ;

$N_H$  – қалпына келтірілген және бұрандалы бекіткіш детальдардың жалпы саны;  $N_H = 10$ .

$$K_n = \frac{17}{22 - 10} = 1.42$$

Сабактасу коэффициентін арттыру – дұрыс фактор. Қайталау коэффициенті  $K_y$  берілген конструкциядағы бұйымдардың үйлестіру дәрежесін нығайтады. Қайталау коэффициенті мына өрнекпен анықталады 33 бет [3].

$$K_y = \frac{N_0}{N_H} = \frac{22}{8} = 2.75 \quad (1.2)$$

мұнда:

$N_H$  – құрылымдық бірліктегі бұйымның атаулар саны. Бір сыйбада және бір технология бойынша даярланған бірдей геометриялық формадағы бұйымдардың бір атауга жатқызу қабылданған. Қалпына келтіру коэффициенті  $K_c$  берілген конструкциядағы стандартты және қалпына келтірілген бұйымдардың сабактасу дәрежесін нығайтады. Оны келесі өрнек арқылы анықтаймыз 34 бет [3].

$$K_y = \frac{N_0}{N_H} = \frac{22}{8} = 2.75$$

мұнда:

$N_c$  – стандартты және қалпына келтірілген бұйымдар саны.

Материалдарды пайдалану коэффициенті құрылымдағы қолданылатын материалдардың маркілері мен көлем типтерінің сан қылыштырының дәрежесін көрсетеді. Оны келесі өрнекпен анықтаймыз 34 бет [3].

$$K_M = \frac{N_0}{N_M} = \frac{22}{17} = 1.3 \quad (1.4)$$

мұнда:

$N_c$  — құрылымда қолданылатын материалдардың маркілері мен көлем типтерінің жалпы саны.

Технологиялық конструкция құрастыру мен бөлшектердің тәуелсіздігін, реттеудің қарапайымдылығын қамтамасыздандыруы тиіс. Тістегергіш біліктің жылдық шығару бағдарламасы 35000 дана; болғанда жаппай мол өндіріске жататыны белгілі сондықтан құрастыру технологиясы ыңғайлы болады. Өйткені құрылымдық бірлікті бірнеше бөлікке бөліп құрауға болады.

### 1.1.3 Құрастырудың технологиялық сұлбесін жасау

Құрастырудың технологиялық сұлбесі бүйімінің құрамдас бөлімдерін бір-біріне қандай тізбекпен қосу тиіс екенін көрсетеді.

Қазіргі машина жасау ісінде құрастыру түрлері жалпы және тораптық құрастыру болып ажыратылады. Жалпы құрастыру объектісі – бүйім: тораптық құрастыру объектісі құрамдас бөлімдер – құрастыру бірліктері болып табылады.

Бүйімді құрастыруда бастапқы элемент базалық деталь деп аталады. Оның нөмірі бойынша ол кіретін құрамдас бөлімнің сандық индекісі қойылады.

Жалпы құрастыру процесі схемада көлбеу сызықтан басталады. Жоғарыда тізбектелген тәртіппен бүйімдарды жалпы құрастыруға тікелей енетін, ал төменде тікелей енетін барлық құрастыру бірліктері шартты белгілермен орналасады. Тораптық құрастыру технологиялық схемаларында бұл құрамдас бөлімдер жоғары реттік құрамдас бөлімдерге, ал кейбір жағдайларда тек қана детальдарға ажыратылады.

Құрастыру технологиялық схемалары құрастыру қосылыштарын сипаттап түсіндіретін және егер олар схемада түсініксіз болса, құрастыру үстінде орындалатын жазулармен – сілтемелермен қамтамасыз етіледі.

Технологиялық схемалар құрастыру процестерін жобалауды жеңілдетеді әрі бүйімның конструкциясын технологиялық түрғысынан бағалауға мүмкіндік береді, бүйімға енетін детальдардың қалып қоюына жол берілмейді.

## 1.2 Тетікті өндеудің технологиялық процесін жобалау

### 1.2.1 Тетіктің тораптағы қызмет оның және оның техникалық сипаттамасы

Тұғыр машина жасау өнеркәсібінде көптең кездесетін тетік болып табылады. Тұғыр өзінін көлеміне байланысты құйма және пісіру әдісімен алынады. Тұғыр болғандықтан оның мойынтырек орналасатын беті өте жоғары дәлдікпен өнделеді. Тұғырдың қақпақпен жанасатын беті қақпақпен бірге өнделеді. Тұғыр БСт.3 маркалы (МЕСТ 380-71) болаттан жасалған. Тұғыр орналасатын бүйім жетек болып табылады.

БСт.3 орта сапалы көміртекті болат. Қолданылу аймағына қарай орта сапалы көміртекті болат үш топқа бөлінеді:

А тобы – механикалық қасиетіне қарай жеткізілетін;

Б тобы – химиялық құрамына қарай жеткізілетін;

В тобы - механикалық қасиетіне қарай және химиялық құрамына қарай жеткізілетін.

Бізге берілген СтБ.3 болаттың химиялық құрамы мен механикалық қасиеті 1.1 және 1.2-кестеде берілген.

#### 1.1-кесте

Көміртекті болаттың механикалық қасиеті (МЕСТ 380-71)

Болат маркасы	Уақатша кедергі $\sigma_b$ в $\text{кГ}/\text{мм}^2$	Қалындық үшін (мм) аққыштық шегі $\sigma_t$ , $\text{кГ}/\text{мм}^2$				Қалындық үшін (мм) салыстырмалы ұзаруы $\sigma_s$ , %				$180^\circ$ иілу (a - қалындығы, d - оправканың диаметрі) $20^*$ мм қалындықтар үшін
		20 дей.	20-дан 40 дей.	40-тан 100 дейін	100-ден жоғ.	20 дей.	20-дан 40 дей.	40-тан жоғ.		
Аз емес										
БСт.3	38-49	25	24	23	21	26	25	23		$d = 0,5 \text{ a}$

#### 1.2.1.1 Тетік материалы мен оның қасиеттер

Тетік материалы: Болат БСт.3 МЕСТ 380-71

Жеткізу түрі: МЕСТ 380-71

Тағайындалуы: Машина жасауда болат БСт.3 кең қолданылады. Болат БСт. 3 тісті біліктерді, төлкелерді және қораптарды шығаруға арналған. Себебі механикалық қасиеттері бойынша өте төзімді, берік болып

табылады. Ал қазіргі заманда сапалы өнім рентабельді және тиімді болып табылады.

## 1.2 – кесте

СтБ.3 болат үшін химиялық құрамының нормалары (МЕСТ 380-71)

Болат маркасы	Элементтер құрамы, %									
	C	Mn	Si	P	S	Cr	Ni	Cu	As	
	Көп емес									
БСт.3	0,14- 0,22	0,40- 0,65	0,12- 0,30	0,04	0,05	0,30	0,30	0,30	0,08	

### 1.2.2 Дайындама алу әдісін тандау және негіздеу

Тетіктің өмірлік циклі төмендегі процестермен байланысты, олар: дайындаманы алу, дайындаманы өндеу, тетікті эксплуатациялау және оны жөндеу, утилизация.

Тетіктің дайындама алу технологиялығын қарасақ ; Тетік тұғыр болса, онда оны құю немесе пісіру арқылы аламыз. Тетіктің шығару бағдарламасы жоғары және дәлдігі жоғары болғандықтан, пісіру әдісін қолданамыз. Дайындама цехінен дайындамамыз тексеру бөлімінен өтіп келеді.

Тетік дайындау процесінің технологиялығы. Тетік қарапайым геометриялық беттер бойынша өнделеді. Кескіш инструментіміз кесу аймағына келтіру амалдары жеңіл және ашық болып келеді. Бекіту және базалау беттері толық комплекті. Кейбір беттер унификацияланған. Таңдалған материалымыз кесіп өндеуге жеңіл келеді.

Машина жасау өндірісінде, қорап тетігіне керекті бастапқы дайындаманы негізгі екі әдіспен алады.

#### 1) Металды құю.

Осы әдіс негізінде машина жасау саласында дайындама жасаудың алғышқы сатысы құю цехында басталады. Ол белгілі бір дайындаманың қасиеттеріне сәйкестендіріп құйылатын металл таңдалады. Жалпы алғанда қорап шойын және көміртекті болаттан жасалады. Ал құю әдісінде көбінесе шойынды таңдайды. Құю цехында металды белгілі бір температураға жеткізіп, металды балқытады. Сұйық металды арнайы жасалғын формаларға құйып, сұытқаннан кейін дайындама алынады. Дайындамаға берілетін қасиеттеріне қарай металды әр-турлі әдістермен сұтылады. Солардың ішінде ауамен бірге суу, майға сұыту және тағы басқа әдістері қолданылады. Дайындама сұығаннан кейін оны механикалық өндеу цехына жібереді.

#### 2) Дайындаманы пісіру арқылы алу.

Кішігірім, майда және жаппай мол өндірісте дайындаманы алу үшін металдарды пісірі әдісі қолданылады. Ол, дайын пластиналарды калыңдығына қарай таңдап, керекті өлшемдермен кесіп пісіру. Жаңадан жобаланатын

технологиялық процесс үшін дайындама түрлерін тандауда мына вариантар мүмкін болады:

Берілген өндірісте бар әдіске ұқсас дайындама алу әдісі қабылданады.

Дайындама алу әдісі өзгереді, алайда бұл жағдай механикалық өндеудің технологиялық процесстің өзгерістер тудырмайды.

Дайындама алу әдісі өзгереді және оның нәтежиесінде бұйымды механикалық өндеудің бірқатар операциялары едәуір өзгереді.

Бірінші жағдайда анықтама әдебиеттерге сілтеумен шектелсе олғаны, онда осы шарттар үшін бұл ең қолайлы вариант ретінде ұсынылған. Дайындама құны өзгермейтіндіктен, ол бұйымның технологиялық өзіндік құнын анықтауда есептелмейді.

Екінші жағдайда металды өте жақсы пайдаланумен және құнының төмендігімен сипатталатын дайындамалар көбірек ұнайды. Дайындама құнын анықтау методикасы төменде келтіріледі. Дайындаманың құны технологиялық өзіндік құнды есептеуде ескеріледі. Қарастырылған екі жағдайда да дайындаманың түріне қарасты аяқталған шешім қабылдау және процесс вариантының технологиялық өзіндік құнын есептеу мүмкіндігі бар.

Үшінші жағдайда дайындама түрін таңдау жөнділіг туралы мәселе бұйымдардың технологиялық өзіндік құнын салыстыратын вариантар бойынша есептеуден соң шешіле алады. Бұйымдардың өзіндік құны аз болатын дайындамалар ұнайды. Егер салыстыратын вариантардың технологиялық өзіндік құны бойынша тең бағалы болса, - онда материалды пайдалану коэффициенті жоғары байындама варианты ұнамды деп саналуы тиіс.

Мен өз жобалауымда екінші жағдай таңдадым. Себебі, жобада таңдалған тетік үлкен гобаритті болып табылады. Сондықтан материалдың шығындалмауын ескертіп, пісіру арқылы дайындаманы алу тиімді етіп санадық. Сонда дайындама құны мына өрнекпен есептеледі: 37 бет [3].

$$M = GS - (G-g) * S_{OmX} / 100, \quad (1.5)$$

Мұндағы:

G – дайындама салмағы, кг;

S – дайындама материалының құны 1 кг-ға, теңге; S=120 теңге;

g – даяр бұйымның салмағы, кг;

$S_{OmX}$  – 1 т. Қалдықтың құны, теңге;  $S_{OmX}=35000$  теңге.

Дайындама салмағын есептеу өрнегі 47 бет [3].

$$G_{дай} = G_{тет} / K_{пм}, \quad (1.6)$$

$G_{тет}$  – тетік салмағы; бұл бізге берілген:  $G_{тет}=2900$  кг;

$K_{пм}$  – материалды пайдалану коэффициенті, ірі сериялы және жаппай мол өндіріс үшін  $K_{пм}$  – мәні  $0,75 \div 0,95$  аралығында болады.

$$G_{\text{дай}} = 2900 / 0,95 = 3053 \text{ кг.}$$

Дайындаама құнын есептеу өрнегі 48 бет [3].

$$M = 3053 \times 120 - (3053 \times 80) \times 35000 / 100 = 244240 \text{ теңге.}$$

### 1.2.3 Базалар таңдау және тетікті өндөудің маршруттық технологиясын жасау

Базаларды таңдау – кесу мен өндөудің технологиялық процессін жобалаудың жауапты кезеңі. Базалар таңдау дайындаама өндөу маршрутының құрылышымен тығыз байланысты.

Дайындалатын детальдардың күрделілігіне байланысты базаны негіздеудің бірнеше жағдайлары бар.

Технологиялық базаны таңдау – дайындаама мен бұйымның құрылымына байланысты. Қаралтым база үшін айналу денесінің сыртқы бетін, ал таза база үшін центірлеу ұясымен бүйір жағын аламыз.

1 – қаралтым база; 2 – таза база.

#### 1.2.3.1 Технологиялық өндөу маршруттың құру

Технологиялық өндөу маршруттың құру дегеніміз ол – мол нұсқалы күрделі мәселе. Оның мақсаты – дайындааманы өндөудің жалпы жоспарын беру, өндөуге жіберілетін аралық әрі жалпы әдіптердің одан арғы есебі үшін технологиялық процесстің операцияларының мазмұнын белгілеу үшін құрал-жабдық типтерін таңдап алу. Дайындаамаларды жекелеген операциялар бойынша өндөу маршруттың құрғанда станоктар типтері мен басқа да технологиялық құрал-жабдықтар орнатады.

1.Жону операциясы. Дайындааманы моделі 6М612МФ4 бойлы жону станогымен өндейміз. Алынған жонғыштың маркасы Н-1729, диаметрі Ø150 тіке. Қораптың бір бетін өндегеннен кейін оны аударып екінші бетін өндейміз.

2.Бұрғылау операциясы. Қорапты бекіту, қатайту тесіктерін бұрғылаймыз. Берілген РЦТ-2150 бәсендектіштің «Ø56» 8 тесік және «Ø 42» 6+8tesігі бар. Осы тесіктерді тез және дәлдігі жоғары болып тесу үшін арнайы панель және әмбебап сегіз шпиндельді бұрғылау бастиегі (сурет-2) қолданылады. Тесіктерді тесу үшін моделі 2А576 радиалды бұрғылау станогы қолданылады. Алынған бұрғының маркасы Н-1304/ Ø25; Ø42; Ø56.

3.Кеулей жону операциясы. Кейулей жону операциясы диаметрлері Ø420, Ø400, Ø340, Ø260 мойынтректерге арналған тесіктерге жасалынады. Дәлдік шамасы жоғары болу үшін кеулей жону операциясы қораптың жиналған күйінде жүргізіледі. Кеулей жону операциясы моделі WHB-150 станогымен өнделеді. Аспап ретінде кескіш қолданылады.

4.Сүргілеу операциясы. Берілген операция май агатын жырашықты өндөуге арналған. Сүргілеу операциясы моделі 7289 бойлы сүргілеу станогы алынды. Аспап ретінде сүргі алынды.

#### 1.2.4 Өндеуге жіберілетін әдіптерді есептеу

Машина жасау саласында беттін пішімін негізінен кесу операция арқылы жүргізіледі. Бұл әрекеттен кейін беттін кедір - бұдырылығы мен геометриялық параметрлері экономикалық тұрғыдан және дәлдігі жоғары. Дайындаудан берілген тетік параметріне жеткізу үшін кесу режимі кезінде жонқаға айналатын метал қабатын қалдырамыз. Осы метал қабаты - әдіп аталынады. Және осы әдіп мөлшері мейлінше оптимальды болған жөн. Механикалық өндеу операцияларында әдіпті тандау көбінесе анықтамаық кестелер мен МЕСТ - тің нұсқаулары негізінде тағайындалады; Осы алынған әдіп технологиялық процеске, өндеу жағдайларын байланыспай, артық мәнге ие болады. Бұл өздігінен материал шығыны мен артық еңбек сыйымдылыққа әкеледі. Осы кемшілікті алға тартып біз, механикалық өндеу кезінде В.М. Кован ұсынған әдіпті «есепті– аналитикалық әдіс» негізінде анықтадық. Бұл әдіс алдынғы өндөлген бет пен өндөліп жатқан беттін технологиялық факторларын анализдеу негізінде құрастырылған. Әдіптін мәні әдіпті құрайтын элементтерді дифференциалдан есептеу негізінде анықталады. Әдіп есептеудін есепті– аналитикалық тәсілі әдіп анықтауда әр технологиялық әрекеттін әдібін (аралық әдіп) және олардың қосындысы жалпы әдіпті табуға мүмкіндік береді.

- 1 Беттін өндеу маршрутын анықтаймыз.
- 2 Маршрут бойынша дәлдікті тағайындеймиз.
- 3 Әдіпті есептеу формуласын іздестіреміз.

Әдіпті есепту үшін ең алдымен әдебиеттегі  
 $R_z$  – микро кедір-бұдырылықтың биіктігі, мкм;  
 $T$  – ақаулы беттік қабаттың терендігі, мкм;  
 $\rho_d$  – базалық беттердің өндөлетең бетінің қосындылық кеңістіктік ақаулары, мкм;  
-көрсеткіштерін жазып алу керек.

Дайындауда операциясының  $R_z$  және  $T$  анықтаймыз. 6 кесте, 182 бет [1]

Өндеу маршруты бойынша  $R_z$  және  $T$  анықтаймыз. 10 кесте, 185 бет [1]

a) 530 өлшеміне әдіп есептеу

Дайындауда үшін  $R_z = 1000$  мкм;  $T = 600$  мкм;

$$2Z_{min} = 2(R_{zi} + T_{L-1} + \sqrt{\rho_1^2 + \varepsilon_1^2}) \quad (1.7)$$

$$\rho_3 = \sqrt{2464^2 + 2828^2} = 3751 \text{ мкм} \quad (1.8)$$

$$\rho_1 = 0,05 * \rho_3 = 3751 * 0,05 = 187,55 \text{ мкм} = 0,188 \text{ мм} \quad (1.9)$$

$$\rho_2 = 0,005 * \rho_3 = 3751 * 0,005 = 18,755 \text{ мкм} \quad (1.10)$$

$$\rho_3 = 0,002 * \rho_3 = 3751 * 0,002 = 7,502 \text{ мкм} \quad (1.11)$$

$$\rho_4=0$$

$$\operatorname{tg}\alpha = 0,188 \text{ мм} + 0,188 + 186 / \sqrt{3480^2 + 530^2} = 0,00016 \quad (1.12)$$

$$\varepsilon_6 = l * \operatorname{tg}\alpha = 530 * 0,00016 = 0,0848 \text{ мм} = 85 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon_1 = \sqrt{85^2 + 280^2} = 293 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon_2 = 0,06 * \varepsilon_1 = 18 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon_3 = 0$$

$$\varepsilon_4 = 0$$

1) Карапай жону  $R_z = 600 \text{ мкм}$ ;  $T = 1000 \text{ мкм}$ ;

$$2Z_{min} = 2(600 + 1000 + 348) = 2 * 1948 \text{ мкм};$$

2 ) Жартылай таза  $R_z = 600 \text{ мкм}$ ;  $T = 500 \text{ мкм}$

$$2Z_{min} = 2(600 + 500 + 26) = 2 * 1126 \text{ мкм};$$

3 ) Тазалай

$$2Z_{min} = (600 + 7,502) = 607,502 \text{ мкм};$$

### 1.2.5 Кесу режимдерін есептеу

Операция: Фрезерлік операциясының есебі (қаралай өндөу).

Станок: Бойлы фрезерлік станок мод. 6М612МФ4

Кесу құралы: Жонғыш Р6М5 D=150мм, z=16 МЕСТ 1092-80

1 Кесу терендігін анықтау. 281 бет [17].

$t=2,5$  мм, ол әдіп мәніне тең.

2 Берілісті кесте арқылы анықтаймыз. 34 кесте, 282 бет [17].

Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс бойынша алғынады. Ол станоктың қуаты мен өндөлетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы Р6М5 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша Болат 35Л, станоктың қуаты шамамен 5-10 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,09-0,18 мм/тіс тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,15 мм/тіс алайық.

3 Кесу жылдамдығын мына өрнекпен анықтаймыз. 282 бет [17].

$$v = \frac{C_V D^q}{T^{m_t} x_s y_B u_z p} K_V = \frac{41 \cdot 150^{0.25}}{180^{0.2} \cdot 2,5^{0.1} \cdot 0,2^{0.4} \cdot 45^{0.15} \cdot 16^0} 0,56 = 56 \text{ м/мин}, \quad (1.13)$$

Мұндағы  $K_v = K_{nv} \cdot K_{mv} \cdot K_{uv}$  жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өндөлетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коеффициенті. 1-4 кесте, 262 бет [17].

$$K_{mv} = \left( \frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left( \frac{750}{550} \right)^{-0.9} = 0.7, \quad (1.14)$$

Кесте бойынша коэффициенті  $K_T = 1$  мен  $n_v = -0.9$  дәреже көрсеткішін табамыз. 2 кесте, 262 бет [17].

Дайындауданың бет қалыптың әсерін ескеретін коэффициент:

$$K_{nv} = 0.8 - 0.85.$$

Кескіштін материалының әсерін ескеретін коэффициенті:  $K_{uv} = 1$ . Сонда жалпы түзету коэффициенті.

$$K_v = 0.7 \cdot 0.8 \cdot 1 = 0.56.$$

Тұрақтылық периоды фреза диаметріне байланысты тандаймыз  $\varnothing 150$  фреза үшін  $T = 180$  мин. 40 кесте, 290 бет [17].

$C_v=41$  коэффициенті мен  $q=0.25$ ,  $x=0.1$ ,  $y=0.4$ ,  $u=0.15$ ,  $p=0$ ,  $m=0.2$  дәрежелері

P6M5 қаттықорытпалы кескіш үшін берілген. 39 кесте, 286 бет [17].

4 Шпиндельдің айналу саның анықтау. 290 бет [17].

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 133.38}{3.14 \cdot 150} = 265.35 \text{ айн/мин}, \quad (1.15)$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_d = 265 \text{ айн/мин.}$$

Накты кесу жылдамдығын табамыз. 290 бет [17].

$$v_d = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3.14 \cdot 150 \cdot 265}{1000} = 56 \text{ м/мин}, \quad (1.16)$$

5 Минуттық берілісті анықтаймыз. 282 бет [17].

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_d = 0,15 \cdot 16 \cdot 265 = 636,8 \text{ мм/мин}, \quad (1.17)$$

6 Кесу күшін анықтау. 282 бет [17].

$$P_z = \frac{10C_p t^x S_z^y B^n z}{D^q n^\omega} K_{mp} = \frac{10 \cdot 82,5 \cdot 2,5^{0,95} \cdot 0,2^{0,8} \cdot 45^{1,1} \cdot 16}{150^{1,1} \cdot 1} 0,88 = 2526 \text{ Н}, \quad (1.18)$$

$C_p=82,5$  коэффициенті мен  $x=0,95$ ,  $y=0.8$ ,  $u=1.1$ ,  $q=1.1$ ,  $\omega=0$  дәрежелер көрсеткіштерін 41 кесте, 291 бет [17] кестеден аламыз.

Өндөлеттін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коеффициенті. 9 кесте, 264 бет [2.]

$$K_{mp} = \left( \frac{\sigma_B}{750} \right)^{0,3} = \left( \frac{550}{750} \right)^{0,3} = 0,9, \quad (1.19)$$

7 Айналу моменті. 290 бет [17].

$$M_{kp} = \frac{P_z D}{2 \cdot 100} = \frac{2526 \cdot 150}{2 \cdot 100} = 1894.5 \text{ Нм}, \quad (1.20)$$

8 Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз. 290 бет [17].

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{2526 \cdot 56}{1020 \cdot 60} = 2.31 \text{ кВт}, \quad (1.21)$$

9 Операцияның негізгі уақытын есептеу. 290 бет [17].

$$T_o = \frac{L_{px}}{s_m} \cdot 1 = \frac{457}{636,8} \cdot 1 = 0,71 \text{ мин.} \quad (1.22)$$

Операция: Фрезерлік операцияның есебі (жартылай таза өндеу).

Станок: Бойлы фрезерлік станок мод. 6М612МФ4

Кесу құралы: Жонғыш Р6М5 D=150мм, z=16 МЕСТ 1092-80

1 Кесу терендігін анықтау. 281 бет [17].

$t=1,5$  мм, ол әдіп мәніне тең.

2 Берілісті кесте арқылы анықтаймыз. 34 кесте, 282 бет [17].

